

"Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өнделгенін, қайта өнделгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 690 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2025 жылғы 9 маусымдағы № 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 маусымда № 36246 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өнделгенін, қайта өнделгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 690 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30485 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган

айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өндөлгенін, қайта өндөлгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарын ұсыну қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрінің міндеттін атқарушы

Н. Шарбиев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым мінистрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрінің міндеттін атқарушы

2025 жылғы 9 маусымдағы

№ 154 Бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрінің

2022 жылғы 9 қарашадағы

№ 690 бұйрығымен

бекітілген

Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өнделгенін, қайта өнделгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарды ұсыну қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өнделгенін, қайта өнделгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарды ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 392-бабының 2 -тармағына сәйкес әзірленді және қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растау ретінде қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық

қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өндөлгенін, қайта өндөлгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарды ұсыну тәртібін айқындайды.

Кодекстің 386-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілген өндірушілер мен импорттаушылар өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін тек келесі тәсілдердің бірімен ғана орындайды:

1) қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім беру және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде ақша енгізу.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) меншікті жүйе – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілген қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру жолымен іске асыру тәсілі;

3) өндірушілер (импорттаушылар) – Кодекстің 386-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

4) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) міндеттемелері;

5) өтініш беруші – осы Қағидаларда көзделген тәртіппен уәкілетті органға меншікті жүйесін пайдалану арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің орындалуын растау туралы құжаттар қоса берілген өтінімді жіберген өндіруші (импорттаушы);

6) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған мемлекеттік кәсіпорын, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жұз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

7) технологиялық регламент – қалдықтарды қайта өндеу және (немесе) кәдеге жарату процесін, сондай-ақ қайта пайдалануға, сұрыптауға, өндеуге, залалсыздандыруға және кәдеге жаратуға дайындық бойынша жүзеге асырылатын процестерді сипаттайтын кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар Кодекске сәйкес қолданылады.

2-тарау. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілген қалдықтардың жиналғанын, тасымалданғанын, қайта пайдалануға дайындалғанын, сұрыпталғанын, өнделгенін, қайта өнделгенін, залалсыздандырылғанын және (немесе) кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарды меншікті жүйесі бар өндірушілердің (импорттаушылардың) ұсыну тәртібі

3. Өтініш беруші жартыжылдықта бір рет, бірақ есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің орындалуын меншікті жүйесін пайдалану жолымен растау үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларга 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

- 1) өндірушінің (импорттаушының) технологиялық регламенті;
- 2) қалдықтарды қайта өндеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыру үшін қажетті, сондай-ақ қайта пайдалануға, сұрыптауға, өндеуге және залалсыздандыруға дайындық бойынша жүзеге асырылатын процестер болған кезде "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес ресімделген өндірушінің (импорттаушының) ұзақ мерзімді активтерінің түгендеу тізімдемесі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық);
- 3) қалдықтарды жинауды растайтын құжаттар:

қалдықтарды қабылдау-беру күні және қалдықтардың кіріске алынған массасы туралы ақпаратты қамтитын қалдықтарды қабылдау-беру актілері;

олар өлшенген таразы жабдығы туралы деректерді (өлшеу құралдарының атауы, түрі және сериялық нөмірі, шығарылған жылы) көрсете отырып, салыстырып тексерілген таразы жабдығында өлшеу нәтижелері туралы актілер;

есепті жартыжылдықта қолданыста болған "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген таразы жабдығын салыстырып тексеру сертификаттары;

бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшы (үекілетті тұлға) немесе оны алмастыратын адам жиналатын қалдықтарға қорлардың кіріс ордерлері (бұдан әрі – ҚКО) туралы қол қойған, кіріске алынған күні, ҚКО нөмірі және кіріске алынған қалдықтардың массасы туралы ақпаратты қамтитын жиынтық ақпарат;

4) қалдықтарды тасымалдауды растайтын құжаттар:

тауар-көлік жүккүжаттары және (немесе) жол параптары және (немесе) темір жол көлік жүккүжаттары;

Қайта өндеу объектілерінің аумағында қалдықтарды жинау пункттері болған жағдайда тасымалдауды растайтын құжаттар талап етілмейді.

5) қалдықтарды қайта өндеуді растайтын құжаттар:

бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшы (үекілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған, есептен шығару күні, акт нөмірі, есептен шығарылған қалдықтардың массасы және атауы туралы ақпаратты қамтитын, қорларды өндіріске есептен шығару актілері (талап-жүккүжаттар) туралы жиынтық ақпарат;

бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшы (үекілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған, қалдықтарды қайта өндеу нәтижесінде алынған дайын өнімге ҚКО туралы, кіріске алу күні, ҚКО-лардың нөмірі, кіріске алынған дайын өнімнің және (немесе) қайта өндеу нәтижесінде түзілген ілеспе қалдықтардың (компоненттердің) атауы мен массасы туралы ақпаратты қамтитын жиынтық ақпарат;

онда көрсетілген талаптар өндірілетін өнімге (тауарға) таратылған жағдайда, өндірілетін өнімнің ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

бірінші басшы (үекілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған бухгалтерлік есептің электрондық базасынан алынған тоннамен қалдықтар және дайын өнім бөлігінде есепті жартыжылдық материалдық ведомость;

6) өтінім беруші өндірушілер мыналарды қосымша ұсынады:

дайын өнімді (тауарларды) өткізууді растайтын құжаттар мен мәліметтерді;

бухгалтерлік есептің электрондық базасынан сатып алушылар және өткізілген өнімнің массасы туралы деректермен бірге дайын өнімді (тауарларды) тоннамен өлшегендегі бірінші басшының (үекілетті тұлғаның) немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған өткізу туралы есеп;

өткізілген дайын өнімге (тауарларға) электрондық шот-фактуралар;

есепті жартыжылдықта бірінші басшы (уәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған бухгалтерлік есептің электрондық базасынан алынған тоннамен өткізлген дайын өнім, сондай-ақ қалдықтарды қайта өндөу нәтижесінде алынған дайын өнім болігіндегі материалдық ведомость.

Технологиялық регламентке сәйкес қалдықтарды басқару (қайта пайдалануға дайындау және (немесе) сұрыптау және (немесе) өндөу және (немесе) залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату) жөніндегі өзге де операцияларды жүзеге асыру кезінде осы тармақтың бірінші абзацында көзделген мерзімдерде осы тармақта көрсетілген құжаттармен еркін нысанда қалдықтардың массасын көрсете отырып, қалдықтарды басқару бойынша жүзеге асырылған операциялар туралы ақпарат беріледі.

Осы тармақта көрсетілген мерзімдерден кейін ұсынылған өтініштер мен құжаттар қарауға жатпайды.

4. Уәкілетті орган есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірмей:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына тиісті жартыжылдықта өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) Қазақстан Республикасының аумағына өтініш беруші импорттаған түрлері мен массасы туралы ақпарат беру туралы сұрау салуды;

2) өтініш берушінің құжаттарын Операторға жібереді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органға тиісті жартыжылдықта өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) Қазақстан Республикасының аумағына өтініш беруші иморттаған түрлері мен массасы туралы ақпаратты жібереді.

5. Уәкілетті орган өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағына өтініш беруші иморттаған өнімнің (тауарлардың) түрлері мен массасы туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан ақпарат алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Операторға жібереді.

6. Оператор уәкілетті органнан келіп түскен өтініш берушінің құжаттарын мынадай тәртіппен қарайды:

1) уәкілетті органнан құжаттарды алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығы мен оқылуын тексереді;

2) Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген қандай да бір құжаттар болмаса және (немесе) құжаттар оқылмайтын болса, Оператор өтініш берушіні ұсынған құжаттардың толық жинақталмағандығы және (немесе) оқылмайтындығы туралы хабардар етеді;

3) өтініш беруші Оператордан хабарлама алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Операторға жетіспейтін және (немесе) оқылатын құжаттарды жібереді.

Өтініш беруші осы тармақта белгіленген мерзімдерде тиісті құжаттар топтамасын ұсынбаған кезде Оператор есепті жартышылдықта меншікті жүйесін қолдану арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау жөніндегі өтінішті қарауды тоқтатады және осы тармақта көрсетілген мерзімдер өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті есепті уәкілетті органға жібереді;

4) өтініш беруші тиісті құжаттар топтамасын 3) тармақшада белгіленген мерзімдер шегінде ұсынған кезде Оператор уәкілетті органнан осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан алынған ақпаратты алғаннан кейін келесі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде меншік жүйесін пайдалану арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау жөніндегі өтініш берушінің құжаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 688 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30484 болып тіркелген) бекітілген Өндіруші немесе импорттаушы қолданатын қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өндеудің, қайта өндеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесіне қойылатын талаптардың (бұдан әрі – Талаптар) 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген шарттарға қол жеткізу бойынша есепті жартышылдықта Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан алынған құжаттарды қарайды;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан алынған құжаттарда импортталатын өнімнің (тауарлардың) массасы болмаған жағдайда Оператор өтініш берушіден мынадай құжаттардың көшірмелерін сұратады:

буып-тұю парактары және өнім паспорттары (бар болса);

халықаралық тасымалдауды растайтын өнімге (тауарларға) арналған халықаралық тауар-көлік жүккұжаттарын Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламенттерінде көзделген, қоса алғанда, көлік жүккұжаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің (тауарлардың) орнын ауыстыруын растайтын құжаттар;

шот-фактуралар не инвойстар (бар болса).

Оператор сұрау салған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Өтініш беруші Операторға осы тармақшада көзделген құжаттарды жібереді.

Өтініш беруші ұсынған құжаттар бойынша импортталған өнімнің (тауарлардың) массасын айқындау мүмкін болмаған немесе осы тармақта көзделген құжаттарды бермеген жағдайда Оператор имортталатын өнімнің (тауарлардың) массасын есептеуді "Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндеттін атқарушының 2021 жылғы 2 қарашадағы № 448 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25100 болып тіркелген) бекітілген

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесінде көзделген өнім (тауарлар) бірліктері массасының және (немесе) өнім (тауарлар) қаптамасының орташа көрсеткіштерінің анықтамалығы бойынша жүргізеді.

Осы тармақшада көзделген құжаттарды ұсынған кезде Оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде меншікті жүйесін пайдалану арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауға өтініш берушінің құжаттарын қарайды.

6) өтініш беруші ұсынған құжаттардың Талаптарға сәйкестігін қарау қорытындылары бойынша Оператор осы тармақшада көрсетілген мерзімдер өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға тиісті есеп жібереді.

7. Тыңдау Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

8. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес Оператордан есепті алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы есептің негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бойынша не дәлелді бас тарту бойынша міндеттемелердің орындалуын растау жөніндегі қорытынды шешімді қалыптастырады және қорытынды шешіммен тиісті жауапты өтініш беруші мен Операторға жібереді.

9. Келіспеген жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13-тарауына сәйкес уәкілетті органның қорытынды шешіміне шағымдануға құқылы.

Қалдықтарды жинаудың,
тасымалдаудың, қайта
пайдалануға дайындаудың,
сұрыптаудың, өндеудің, қайта
өндеудің, залалсыздандырудың
және (немесе)

Кәдеге жаратудың меншікті
жүйесі бар өндірушілер
(импорттаушылар)

коршаған ортаны қорғау
саласындағы уәкілетті орган

айқындаған тәртіпке
сәйкес өндірушілердің

(импорттаушылардың)
кеңейтілген міндеттемелері

жөніндегі міндеттемелердің
орындалғанын растау ретінде

коршаған ортаны қорғау
саласындағы уәкілетті органға

өндірушілердің
(импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің

(тауарлардын) тұтынушылық
қасиеттері жоғалғаннан
кейін түзілген калдықтардың
жиналғанын, тасымалданғанын,
қайта пайдалануға
дайындалғанын, сұрыпталғанын,
өнделгенін, қайта өнделгенін,
залалсыздандырылғанын және
(немесе) кәдеге жаратылғанын
растайтын құжаттарды
ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Өтініш

Үйымның атапу				
Бизнес-сәйк естендіру нөмірі				
Есепті жартыжылдық				
Қалдықтарды жинау туралы мәліметтер				
Қалдықтарды атапу	Есепті жартыжылдықтың басындағы қалдықтардың қалдығы, тонна	Есепті жартыжылдықта жиналды, тонна	Есепті жартыжылдық сонындағы қалдықтардың қалдығы, тонна	
Есепті жартыжылдықта қалдықтарды қайта өндеу туралы мәліметтер				
Қалдықтардың атапу	Қайта өнделген қалдықтардың мөлшері, тонна	Алынған дайын өнімнің атапу	Дайын өнімнің массасы, тонна	Сатылды Қазақстан Республикасы аумағында, тонна Экспорт, тонна
Тауарларды өнімдерді өндіру және (немесе) импорттау жөніндегі мәліметтер				
Өнімнің / тауарлардың атапу	Өндірілген (тонна)		Импортталған (тонна)	
Өндірушілे рдің (импорттаушылардың) кенеятілген	Өндірілген өнімнен сатылды (өндірушілер		Қайта өнделген (тоннамен)	

міндеттемел е р і н орындау	үшін) / импортталды (импорттаушылар үшін) (тоннамен)
-----------------------------------	--

Калдықтарды жинаудың,
тасымалдаудың, қайта
пайдалануға дайындаудың,
сұрыптаудың, өндеудің, қайта
өндеудің, залалсыздандырудың
және (немесе)

Кәдеге жаратудың меншікті
жүйесі бар өндірушілер
(импорттаушылар)
коршаған ортаны қорғау
саласындағы уәкілетті орган
айқындаған тәртіпке
сәйкес өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кенейтілген міндеттемелері
жөніндегі міндеттемелердің
орындалғанын раставу ретінде
коршаған ортаны қорғау
саласындағы уәкілетті органға
өндірушілердің
(импорттаушылардың)
кенейтілген міндеттемелері
қолданылатын өнімнің
(тауарлардың) тұтынуышылық
қасиеттері жоғалғаннан
кейін түзілген калдықтардың
жиналғанын, тасымалданғанын,
қайта пайдалануға
дайындалғанын, сұрыпталғанын,
өнделгенін, қайта өнделгенін,
залалсыздандырылғанын және
(немесе) кәдеге жаратылғанын
растайтын құжаттарды
ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Отініш беруші ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органға
Оператордың отініш берушінің уәкілетті орган бекіткен талаптарына сәйкес қалдықтарды
жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өндеу, кәдеге жарату меншікті
жүйесіне сәйкестігі туралы есебі**

Ұйымның атауы	
Бизнес-сәйкестендіру номірі	
Есепті жартыжылдық	
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің кіріс тапсырмасының номірі	
Қалдықтардың түрі	

Мәртебесі		Күжаттардың бар-жоқтығы	Осы Қағидаларға, Талаптарға сәйкестігі
Қағидаларда көзделген құжаттың атауы			
1) өндірушінің (импорттаушының) технологиялық регламенті			
2) қалдықтарды қайта өндеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ қайта пайдалануға, сұрыптауга, өндеуге және залалсыздандыруға дайындық бойынша жүзеге асырылатын процестер болған кезде "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес ресімделген өндірушінің (импорттаушының) ұзак мерзімді активтерінің түгендеу тізімдемесі			
3) қалдықтарды жинауды раnstайтын құжаттар			
қалдықтарды қабылдау-беру актілері (жеке тулғалардан кіріске алу актісі) құрамында қабылдау-беру/кіріске алу күні, актінің нөмірі және қалдықтардың массасы туралы ақпарат бар			
олар өлшенген таразы жабдығы туралы деректерді (өлшеу құралдарының атауы, түрі және сериялық нөмірі, шығарылған жылы) көрсете отырып, салыстырып тексерілген таразы жабдығында өлшенеді өлшеу нәтижелері туралы актілер;			

есепті жартыжылдықта қолданыста болған "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңын а сәйкес берілген таразы жабдығын салыстырып тексеру сертификаттары		
бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшы (үәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын адам жиналатын қалдықтарға қорлардың кіріс ордерлері (бұдан әрі – ҚҚО) туралы қол қойған, кіріске алынған күні, ҚҚО нөмірі және кіріске алынған қалдықтардың массасы туралы ақпаратты қамтитын жиынтық ақпарат		
4) қалдықтарды тасымалдауды растайтын құжаттар		
тауар-көлік жүккүжаттары және (немесе) жол параптари және (немесе) темір жол көлік жүккүжаттары, бөгде үйымдардың/жалға беру қызметтерін пайдалану туралы шарттар		
5) қалдықтарды қайта өндеді растайтын құжаттар		
бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшы (үәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған, есептен шығару күні, акт нөмірі, есептен шығарылған қалдықтардың массасы және атавы туралы ақпаратты қамтитын, қорларды өндіріске есептен шығару актілері (талап-жүккүжаттар) туралы жиынтық ақпарат		
бухгалтерлік есептің электрондық базасынан		

<p>бірінші басшы (уәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған дайын өнімге ҚКО туралы қол койған, кіріске алу күні, позалардың нөмірі, кіріске алынған дайын өнімнің және (немесе) қайта өңдеу нәтижесінде түзілген ілеспе қалдықтардың (компоненттердің) атавы мен массасы туралы акпаратты қамтитын жиынтық ақпарат</p>		
<p>өндірілетін өнімнің ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжаттар, онда көрсетілген талаптар өндірілетін өнімге (тауарға) таратылған жағдайда</p>		
<p>бірінші басшы (уәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол койған бухгалтерлік есептің электрондық базасынан алынған тоннамен қалдықтар және дайын өнім белгінде есепті жартыжылдық материалдық ведомость;</p>		
<p>6) Өндірушілердің өтініш берушілері үшін-өнімнің (тауарларды) өткізілген растайтын құжаттар мен мәліметтер</p>		
<p>бухгалтерлік есептің электрондық базасынан бірінші басшының (уәкілетті тұлғаның) немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған сатып алушылар және өткізілген өнімнің массасы туралы деректермен бірге дайын өнімді (тауарларды) тоннамен көрсетілген өткізу туралы есеп</p>		

өткізілген дайын өнімге (тауарларға) электрондық шот-фактуралар			
бірінші басшы (үәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған бухгалтерлік есептің электрондық базасынан алынған тоннамен өткізілген дайын өнім бөлігінде сондай-ақ қалдықтарды қайта өндеу нәтижесінде алынған дайын өнім есепті жартыжылдық материалдық ведомості.			
7) қалдықтарды басқару жөніндегі өзге де операцияларды жүзеге асыру кезінде (қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өндеу, залалсыздандыру) технологиялық регламентке сәйкес аппарат			
8) импортталған (өндірілген) өнім туралы деректер (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан алынған деректер)			
9) Қағидалардың 5) тармақшасына сәйкес қосымша құжаттар			
10) өтініш беруші колданатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өндеу, қайта өндеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жүйесінің талаптар мен қағидаларға сәйкестігі туралы корытынды.	Cәйкес келеді/Сәйкес келмейді		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК